

АЛТЫН ТІС

Ыбырайдың ана тілінде сауат ашқан бар қазаққа белгілі хрестоматиялық әңгімесін қайыра оқып отырып, дәл соған ұқсас, тек басқаша шешілген, өмірде шын болған бір оқиға есіме түсті. Өз көзіммен көрмесем де, ақиқатына күмәнім жоқ. Шоң мұғалім сияқты қарапайым, қысқа, әрі нанымды етіп жазып шыға алам ба – бар кілтипан сонда ғана.

Ол кезде мен педагогтық институтта әдебиет тарихынан дәріс беретін едім. Нелер боздақ өтті ғой алдымыздан. Егер қазір әлдебір түкпірде, әлденедей мектепте “Қалың мал” мен “Қамар сұлуды” шатыстыратын оқытушы бар десеніз, бұл – менің де еңбегімнің нәтижесі. Мемлекеттік емтиханда қабырғада тұрған көп суреттің ішінен Әуезовті тауып бере алмаған студентіміз де болып еді. Бітіріп кетті – деканның (қазір бар атақтан айрылған, жаңа кәсіп іздеп жүр деп естідім) балдызы екен. Оған сенбесеңіз, екінші курста менің алдыма хат танымайтын бала келді. Олда-білдә. Билеттегі, мәшіңкеге басылған, бадырайып тұрған сұрақтарды оқып бере алмады. Қиын билет келіп, қорықты дерсіз. Мен де солай ойладым. Қолына кітап ұстаттым. Жекелеген әріптерді ажыратады екен, тек “э” мен “е” ні ғана шатастырады. Қоқырайып отырған орындығымда қатып қалғам жоқ, ентелей төнген столыма етпеттей жығылғам жоқ. Құдай сақтады, қалтырсам да, қалшылдасам да ақылдан танбадым. Тіл байланса да, қол өз шаруасын атқарды, тиісті бағасын қойдым. “Қанағаттан... ғысыз” емес. Жоқ, бұл жолы қателестіңіз, “қанағаттан... арлық” та емес. Дәл сол сәтте соншама көп әріптен тұратын сөзді менің өзім де құрай алмас едім. Нөл! “Нөл” деп жаздым сынақ кітапшасына. Әрине, педагогикамен сыйыспайды. Тағы бірдеңелерге де келмейді. Нәтижесінде проректорымызбен (қазір қосымшасынан құтылған, шеткері институттардың бірінде ректор деп естідім) қырбай болдық. Сырттан оқушылардың ішінде не кездеспейді дерсіз. Сыртқа шыққан емес, ішке түскен, стационардағы жағдайлар менің айтып отырғаным.

Ал сырттағылар... сырттан оқушылардың көбі – өткен жазда жаңағы сұр сауытты көзсіз ер Нөлмен қатар майданға түсіп, барлық сабақтан бірдей жоғары баға ала алмай, жарты балы жетпей қалған панасыздар. Сондықтан да зерделі, ынталы, ширақ. Жылына екі-ақ рет келеді. Қыста он күн, жазда қырық күн. Немесе тек жазда ғана. Мұрша жоқ. Қызметте. Үй шаруасында. Әйтеуір тіршілік соңында, жұмыс астында. Көкірегі ашық, сауаты бар демесек, бұлардың оқуында машақат тіпті көп. Қыс бойы үзіп-жұлып дайындалған, енді жапыр-жұпыр емтихан тапсыру қажет, жығылып-сүрініп сынақ өткізу керек. Бірін тапсырсын, екіншісін өткізсін делік. Үшіншісі, төртіншісі, бесіншісі... күтіп тұр. Соңғылары бітпей жатып, алдыңғыларынан жаңа дәріс басталады. Кезектісі, міндеттісі бар, борышы, қарышы бар, сынақ жолында, емтихан қамында абалақтап жүріп, тыңнан қосылған тақырыптарды тағы игеру керек; енді етектен тартып, қарымыңды қысқартатын семинар, коллоквиум дейтін

пәлелер қаптайды. Артын жинай алмай жатқан жұрт алдын қалай аршымақ. Санасы барлардың өзінде саңылау жоғын білесің. Бірақ сенің де міндетті шаруаң. Бір қауым ел ғой, бірдене шығып қалар деген үмітпен босаға аттайсың. Дүркірей түрегелді. Сәлемдестік. Отырдық. Момақан жігіттер. Үрпиген қыз-келіншек. Тым-тырыс. Семинарды, коллоквиумды басқа емес, өзің тапсырардай қобалжып, алғашқы сұрақты қоясың. Үн жоқ. Келесі сұрақ. Шыбынның ызыңы естіледі. Одан соң, одан кейінгі... Мылқау, меңіреу тыныштық. Не істеріңді білмей, мәңгіріп отырасың. “Ағай, – дейді кенет, сөз жоқ, саған жаны ашыған, батылдау жігіттердің (көбіне келіншектердің) бірі. – Біз дайындала алмадық. Солай да солай. Солай да солай...” “Тапсырма баяғыда берілген, ертерек қамдану керек еді”, – деймін. “Ауылда кітап жоқ, – дейді бәрі қосыла жамырап. – Қалада да жоқ. Сіздің сабағыңыздан оқулық шықпаған. Хрестоматия басылмаған.” “Тауып, теріп оқу керек, – деймін мен. – Пәлен жылғы пәлен жинақта пәленше-екеңнің шығармалары бар... Түген жылғы түген журналда түгенше-екеңнің зерттеуі бар...” “Ой, ағай, – деді қыз-келіншек жабыла шулап (онда жасырақ кезіміз), – айттық қой, үлгермейміз. Күнделікті зачет, экзаменнен аспаймыз... Әр сынақ сайын үштің бірі құлайды. Қайта тапсыру керек. Келесі пәнге дайындалу керек...” “Онда “Үндемес” ойнайық,” – деймін. Бірақ “Үндемес” ойнай алмаймыз. Ұзақ екі сағат (кейде қос жұп – төрт сағат) уақытты қалай өткізу мәселесі тұрады алдыңызда.

Әуелде қосымша дәрістер оқитынмын. Арасында әңгімелесеміз. Елдің қазіргі ахуалы. Тұрмысы. Мінез-құлқы. Жер жағдайы. Тарихи археологиялық ескерткіштер. Топонимика. Көп мағлұмат алдым, көп нәрсеге көз ашылды. Студенттердің де ой-өрісі, білім дәрежесі айқынырақ аңдалған. Семинар, коллоквиум өткізудің ең ұтымды тәсілі табылды. Дәл бүгінгі тақырыпқа қатыссыз, бірақ өмір, тіршілік, танымға байланысты мәселелерді талқылайтын болдық. Мысалы, бір сабағымыз “Шайтан бар ма?” деген сауалға құрылды. Өте қызық өтті. Талқыға қатысқан елу адамның ішінен шайтанды өз көзімен көрген екі жігіт шықты. Көзімен көрген кісінің өз аузынан естіген үш-төрт әңгіме айтылды. Шайтаннан жезтырнақ пен албастыға, одан орман адамы, қар адамы – йетиге көштік. Одан фольклорға, арғы-бергі әдебиетке ауысып, ең ақырында табиғатта, тіршілікте әлі шешімін таппаған түсініксіз құбылыстар көп дегенге тоқтадық.

Сол күннен басталды ғой деймін, әркім өз басынан өткен, немесе куә болған нақты оқиғалар туралы әңгімелеу салтқа айналды. Мың екінші түнге ұласар, тоқсан бірінші тарауға лайық нелер хикая айтылып еді. Ғашық болып үйленгелі жатқан қыз бен жігіттің сұмдық құпияға ұрынуы – екеуі екі үйде туса да, бір әкенің кіндігінен жаратылған аға-қарындас екенін біліп, аталарының моласына барып атылып өлуі. Әлдебір тракторшының аңдаусызда тіркеушісін өлтіріп алып, үрей буып, қаны қарайып, қоста жатқан тоғыз адамды қатарынан жаныштауы. Кездейсоқ қазаға ұшыраған бір бухгалтердің үй-іші жарлы-жалбағай тұрып, көп қиындыққа ұшырап, ақыры ағайын ортасына, басқа ауылға көшіп

кеткенде олардың жұртынан, сиыр қораның астынан шыны көзеге салынған жетпіс мың сом ақша табылғаны... Басқа біреудің құлағына тисе қаншама роман, хикаятқа арқау болар сан қилы оқиға. Естідік, таңырқадық, түршіктік, күлдік... ұмыттық. Міне, арада мүшел өткенде сол әңгімелердің бірін қайта жаңғыртудың реті келген сияқты.

– Біздің ауылда бір электротехник жігіт болды, – деп бастады кезекті сабақта кезекті әңгімешіміз. Сұңғақ бойлы, әдеміше, қараторы келіншек еді. Мойыл көздері болмашы дымданып, үнемі екінші қатарда отыратын. Көлденең сөзге араласпайды, бар ісіне ұстамды. Жаңылмасам, тұрмыс құрып, жараса алмаған. (Басқаша ойламаңыз, ұстаз өзінің барлық шәкіртінің барлық қалтарысын білуге тиіс.) Иә. Жалғыз басты келіншек. Талдықорған төңірегінен. Әлде Ақсу, әле Кербұлақ. Хош. – ...электротехник жігіт болды. Екі-үш ай қаладан оқып келген. Ауылда маман көп. Бірақ электротехник жалғыз. Осы Оралбек қана. Өте жақсы жігіт еді. Тек мінезі қызық. Қолы іс білетін. Үйі толған әлкей-шәлкей нәрсе: қайыңнан жонған бұғы, бүркіт, қасқыр... Үнемі алып жүретін сайман қобдишасы бітеу ағаштан ойылған, сыртын күмістеп, айшықтап қойған. Өте сәнқой. Қасы қиылған, қап-қара; шашы ұзын, иығына түскен. Ал аузы толған алтын. Құрдастары отыз екі тісінің он төрті темір деп қалжындайтын. Он төрт пе, жеті-сегіз бе, әйтеуір үстіңгі иегі тұтас. Үсті ғана. Ал асты кәдімгі тіс. Қатар-қатар тізілген, аппақ. Жұрт сән үшін жұлғызыпты дейтін. Бірақ олай емес. Төбелесті ме, оқыс жығылды ма, қос күрек тісі әуелден кеміс-ті. Өзім көрдім, оқуға кетпей тұрғанында. Содан салғызып қайтты. Бір жақсы адамның жалғыз баласы еді. Кемпір шешесімен ғана қалған. Жағдайы көтеретін. Әсем, таза киінеді. Шалбардың қыры түспейді. Жазғы ыстықта ауылдағы жұрттың бәрі жейдешен. Ал Оралбек елден өзгеше, сықиып жүреді. Ықшам тігілген, шолақжең, жеңіл костюм. Ақ көйлек, түсті галстук. Аудан орталығынан да емес, облыстан, тіпті, астанадан арнайы командировкамен келген қызметкер сияқты. Үй арасында ұшырасқан жұрттың бәрімен сыпайы ғана бас изесіп, өте тік жүреді. Тағы бір қызығы, соншама сылбыр еді. Жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі емес. Істеген ісі. Мәселен, санауыштың тығыны бұзылды дейік. Жөндесе де, жанартса да жарты-ақ минуттық шаруа. Көрініп тұрған нәрсе. Бірақ Оралбек асықпайды. Бұрап алады, қайта салады, ойланып тұрады. Содан соң ауыстырады. Алып, қайта қарайды. Сым орайды, тарқатып, кері шиырады. Ақыры, он-он бес минутта әрең болады. Ал үтік, плитка дегендер... сағат жарым, екі сағатта бітпейді. Бірде совхоз директорының үйіндегі тоңазытқышты жөндеп отырып ұйықтап қалыпты дейтін. Ғажап емес. Оралбектің қимылына қарап тұрған көлденең адамның өзі есіней бастайды. Сылбыр болғанда, адамның ішін пыстыратын, қанын қайнататын сылбыр. Оның есесіне тиянақты, қолынан келмейтіні жоқ. Шылпара шағылмаса, бұзылған, қирағанның бәрін қатарға қосады. Жасы отызға тақап қалса да бойдақ. Жанашыр туыстарының талай қызға көзі түсті. Көзі түскеннен не пайда, Оралбек ешкімге қарамады. Тіпті, бірге өскен жолдас-жора жігіттермен араласпайды. Күндіз қандай шаруа болмасын атқарады да, ал түнде

саусағын қимылдатпайды. Жарты ауыл жарықсыз қалса да, кеш батқан соң үйден шықпайтын. Іздеп барушылар “Оралжан шаршап келді... Оралтай ұйықтап қалды”, – деген жауап алады. Ал терезесі жарық. Таң атқанша жанып тұрады. Қараңғыда жата алмаса керек. Кейде түске дейін тұрмайтын. Түні бойы ұйықтамай шығуы да мүмкін. Не болса да, төргі бөлменің есігі ашылмайды. Әуелде кейіген, ренжіген жұрт көп ұзамай үйренді, мезгілсіз мазаламайтын болды.

Сөйтіп жүргенде бір күні Оралбек қайтыс болды деп естідік. Ауырмаған, оқыс үзілген. Кешке таман өне бойым ұйып барады депті. Мұндай жағдай бұрын да болса керек. Шешесі төсек салып берген. Біраз уақыт басында отырған. Түн ортасында еркін тыныстап ұйықтап жатыр еді депті. Таң ата қараса, керіле созылып, иегін көтерген қалпы боп-боз болып жатыр. Демі тынған, денесі суыған. Ұйқы үстінде жүріп кетсе керек. Есі шыққан кемпір ешкімге айтпапты. Жылап-жылап, қасында отырған да қойған. Түс ауа, әлдебір шаруамен туыстарының бірі келсе, отыр дейді баласының басын құшақтап. Ештеңе ұқпайды, “Оралтай, тұр!.. Оралжан, тұр!!” – дей берсе керек. Ағайын-туған азан-қазан болды. Мезгілсіз өлім бүкіл ауылдың қабырғасына батты. “Тұр, оян, мені көміп кет, алдыға салып кет!..” деп, шашын жайып, бетін жырттып жылаған, жалғызынан айрылып, ақылынан алжасқан анаға бәріміздің де жанымыз ашыды. Бірақ өлімнің өз кезегі бар. Жалпы жұрт болып тиісті қызметін атқарысты, мезгіл жаз, тіпті, қыста да одан артық сақтау обал, екі күн өтіп, үшінші күні сәскеде жаназасы шығарылды. Зират ауылдан жарты шақырымдай ғана жерде, көк дөмпек төбе басында еді, қазір әйел заты баяғыдай үйде қалмайды, бүкіл ауыл, кемпір-шал, бала-шағаға дейін тегіс барды.

– Біздің ауылдың жері тастақ, құмдақ емес, тығыз, майда топырақты, сондықтан өлікті ақымдап қояды, – деді кезекті Шаһризадамыз әңгімесін ары қарай жалғастырып. – Алматыда, Кеңсейда қабірді қалай қазатынын көргенім бар, іргені текшелеп оя салады екен, бұл – ақым емес, оның оңайлаған, жеңілдеген түрі. Шын ақым басқаша. Қабір құдығының түбінен, оң жақ іргеден, бел ортадан сәл төменірек алып, үңгі бастайды. Әуелі кісінің кеудесі еркін өтетін, ін аузындай ғана, бірер құлаш тар қуыс шығару керек. Содан соң тереңнен сала, көлденең тартып ақым қазады. Қабір құдығымен қатарлас, биіктігі бас көтеріп отырған адамның төбесі тимейтіндей, ұзыны кісі бойы, мәйіт еркін сиятын бітеу үйшік; шығар аузы ғана бар. Ажал көлеңкелі суық ызғары болмаса, кісі қызығардай әдемі нәрсе, өзімнің шешем өлгенде түсіп көрген ағатайым айтып еді. Міне, ауылдағы жас жігіттер Оралбек байғұсқа дәл осындай ақым қазған. Бар рәсімін атқарып, мәйітті түсірер кезде осы қабіршілердің ішінен екі жігіт белсеніп шықты. Бірге оқып, бірге өсіп едік, енді өз қолымызбен арулап қоямыз дескен. Аттары... бірін Икс, бірін Игрек дей салыңыз. Кім қарсылық білдірсін, әуелі Икс, содан соң Игрек ақым ішіне кірді. Құдық түбіне түскен үш жігіт саумалдай сүйемелдеп, ақ кебінге бітеу оралған мұрдені ары өткізді. Содан соң топырлай бермейік деп, жоғары көтерілген. Ендігі жұмыс оңай. Өлікті орналастырып болған соң әлгі екеуі

бері шығады да, ақым аузын кірпішпен қалап бітейді. Одан арғысы белгілі, жаппай топырақ салу. Жұрт бір сәт демін ішіне тарта тынып қалған. Тек көз жасы таусылған, бір уыс беті қып-қызыл айғыз, түтіккен кәрі шешенің “Орал... түрегел... көміп кет...” деген, әлсіз өксіген даусы ғана естіледі. Қабір жиегінде тұрған ақсақалдардың бірі іштегі, аузы қарауыта үңірейген терең көр қуысында мәйітпен бірге қалған екеуге нұсқау беріп тұр. “Асықпандар, еркін созылып жатсын... Басын құбылаға...” дейді.

Кенет... екі жағынан екі кісі сүйемелдеген, аяғын әрең басып, үзіле ыңырсып тұрған кемпір ышқына өкірген тәрізді көрінді. Келер сәтте әлдекімдердің ырсылдай алысқан, тыпырлаған дыбысы естілгендей болды. Күмән қалмаған, тура жер астынан, бітеу көр ішінен. Әлгі екеу шаруасын шала-шарпы тәмамдап, енді сыртқа қайсымыз бұрын шығамыз деп таласып жатқандай. Аулағырақ жұрт ештеңе аңдаған жоқ, жақын тұрғандарымыз тіксінсек те, тітіркенсек те еріксіз үңілдік. Сол мезетте... ақымның аузынан ұзын, қап-қара, жалба-жұлба шаш көрінді. Шаш соңынан екі езуінен қып-қызыл от шашқан, аузынан жалын ақтарылып, көзі ұшқын атқан бас көрінді. Ізінше ентелей, сүріне-қабына еңбектеп, өне бойы аппақ, шұбатылған, оратылған кебін жамылған құбыжық шықты. Құбыжық болғанда, аруақ. Кәдімгі, көрден шығатын аруақ. У-шу болдық. Опыр-топыр, тым-тырақай болдық. Көбіміздің бақыруға да, қашуға да шамамыз келген жоқ. Сілейіп қатып қалсақ керек. Буынымыз құрып, жапырыла жығылсақ керек. Әйтеуір өзімнің көргенім, ақ кебінді аруақтан соң ақымнан қара кебінді аруақ шықты. Бірден таныдым. Игрек. Бет-аузы топырақ. Көңілді. Сақылдап күлді. “Ау, ей, тоқтаңдар!...” деп, қол бұлғап айқайлады. “Әй, Орр... әуелі сен...” деді күлкіге бульғып. Қабірден шығып кете алмай, қорбандап жатқан аруақты сүйемелдеп жіберді. Келер сәтте елдің бәрі көрді. Аруағымыз – Оралбек екен. Кебіні шұбатыла желбіреп, шатқаяқтап тұрып қалды. Аузы-басы, омырауы қып-қызыл ала қан. Жан-жағына алақтай, таңдана қарайды. Алдымен ес жиған кәрі шеше болды. “Қу жалғыз, қайтып келдің бе!...” деп бас салды. Содан соң, кеш емес, түн емес, тапа-тал түс, ел де ес жия бастады. Жығылғандар түрегелді, қашқандар қайта оралмаса да, одырая ойқастап, іс мәнін аңдауға тырысты. Ақсақалдардың бірі үстіндегі шапанын шешіп, Оралбектің иығына жапқан соң ешкімнің де күмәні қалмады. Аруақ емес. Өзі. Қайта тіріліп кеткен. Ағайын-туған еңірей көрісіп, төл жамырағандай азан-қазан болысты. Енді біраз жұрт қабірге ошарылған. Игрек сыртқа шығуға талаптанбады. Басын шайқап, ыржалақтай күліп отыр. “Ой, жарайсың, – дейді. – Ой, сабазым-ай! Қышқашпен күтір еткізіп опырып алғанда атып тұрды. Ой, жарайсың. Жасасын электротехника! Оралбек, қайта түсіп, тісінді тауып ал. Топырақпен араласып кетпесін. Қышқашты да ала шық. Енді менің тісімді жұламыз. Ой, пәлі! Ха-ха-ха...” Біздің ортамызда да жүйкесі берік адамдар бар екен, аллалап қабірге түсті. “Иә, пірім!” десіп, ақымның ішіне үңілді. Содан соң... аздан соң бәрі белгілі болды.

Икс пен Игректі қабірге түсірген – Оралбектің алтын тісі екен. Екеуі өзара келіссе керек. Ақым ішінде бірі басқа, бірі аяққа шығады. Содан соң бас жақты ондауға тиісті Икс Оралбектің кебінін жыртып, бетін ашады да, қойнына тығып ала келген қышқашты салып жіберіп, алтын иекті, бекіте қапталған сау тістерімен қоса, опыра сындырып жұлып алады ғой. Сол сәтте өлік өкіріп атып тұрған. Бас жақтағы Икс жүрегі жарылып, табан аузында жан тапсырады. Аяқ жақта отырған Игрек қолма-қол жынданып кеткен. Содан Оралбек екеуі жағаласа түсті ме, әлде қайсымыз бұрын шығамыз деп таласты ма, әйтеуір тар қуыс ішінде арпалыса күрескені анық. Арғы жағы жаңағы.

– Сонымен, – деді біздің Шаһризада, – ағайын-туған Оралбекті үйге алып келді, жаназа дастарқаны маз-мейрам мерекеге ұласты. Икс қайтып тұрмады, ертеңіне сол, өзі қазған көрге қойылды. Игрек әлі тірі. Ешкімге зияны жоқ, бірақ адам қатарына қосылмайтын сияқты, ауылда жүр. Оралбек бұрынғы бойкүйез дертінен мүлде айыққан. Үйленді, қазір екі қызы бар. Ақым түбінен табылған алтын тістерін Икстің қабіріне қоса көмгізіпті дейді, анығын білмеймін. Аузы үңірейіп қалып еді, бірер жылдан соң ғана тіс салғызды. Алтын емес. Жай, кәдімгі, күміс сияқты жылтыр, қоспа металл бар ғой, қалай аталатынын білмеймін, содан. Құрдастары: “Алтыннан салғыз, тағы бір рет өліп тірілесің”, – деп қалжындайтын. Оралбек: “Ақылдарың өздеріне. Бұл жұрт алтын тісі бар басты қурап қалған соң да тыныш қоймайтын көрінеді. Бір газеттен оқыдым, көр ақтарып, қазына іздейтін пәлелер шығыпты, ол бізге де келеді”, – дейді. Сонымен, тіршілігіне риза, жүріп жатыр. Шешесін биыл ғана аттандырды... Біздің ауылда болған, өз көзіммен көрген ертегім осындай, – деді Шаһризада хикаясын тұжырып.

Біздің де әңгімеміз аяқталған сияқты. Балталап отырып жазып біттік. Тәмам. Ендігі шаруа – Ыбырай әңгімесін тағы бір рет оқу.

“...Осындай істер әр елде болатын шығар деймін. Білімі зор дәрігерлер айтады: қайсыбір аурулар бар, бір жұмаға дейін адамды есінен тандырып, ешбір жаны бар белгісі болмай жатқызатын деп. Соның үшін өлікті тым асықпай, байқаңқырап көму керек”.

Әңгіме аты “Дадандық” еді. Летаргиялық ұйқыға кеткен әлдебір әйелді өлдіге санап, көміп тастайды ғой. Ертеңіне моладан тұншыға зарлаған үн естіледі. Жұрт бұл – марқұмның о дүниедегі жауап үстінде ышқынған даусы деп, пәледен аулаққа, түп көтеріле көшеді. Әлбетте, қараңғылық. Рәуішсіз ескі заман суреті. Бұдан жүз жыл бұрын жасаса, біздің Оралбек те көміліп кете барар еді. Ал осы заманда туса, манағы әйелді, сөз жоқ, қуана-қуана қазып аламыз. Өйткені о дүние жоқ. Мүңкір-Нәңкір, ғарасат, қыл көпір... ұжмақ, тозақ – бәрі бекер. Құтылдық құдай дейтін пәлекеттен. Үздік темір қапас дін шырмауын. Сондықтан да біржола көмілуге, ауыр азап, жан төзгісіз үрей үстінде екінші қайтара өлуге тиіс адамды оп-оңай тұрғызып алдық. То есть...¹ бұл жерде, әрине, сәл нелеу болды... ұнамсыздау шықты. Бірақ кеселді мінездің өзі пайдаға асты дерсіз. Алтын көрген періште жолдан тайғалы қашан дерсіз. Жоқ. Икс пен

¹ Яғни...

Игректі қылмысқа тартқан – құдайсыздық емес, ажалға жетелеген – алтын емес. Екі дүниеде де ешқандай тергеу, тексеру жоқтығына сенім; кісілік, ізгілік, ар, ұят – ескіліктің қалдығы деген ұғым. Бұл да өз жүйесі, өз низамы бар ерекше ілім. Дін. Икс пен Игрек осы түнек оқудың адал үмбеттері екен. Бір-екі адамды емес, тұтас қауымды, дүйім жұртты көрген тығар нағыз дадандық құрбаны деп біліңіз.

1988.